

ISSN 2523-4684
e-ISSN 2791-1241

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ
KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ
ХОРЕОГРАФИИ

Ғылыми
журналы

scientific
journal

научный
журнал

ARTS ACADEMY

4 (8) 2023

Желтоқсан 2023
Desember 2023
Декабрь 2023

2022 жылдың наурыз
айынан шыға бастады
published since March 2022
издается с марта 2022 года

жылына 4 рет шығады
published 4 times a year
выходит 4 раза в год

Астана қаласы
Астана city
город Астана

Редакциялық алқаның төрағасы

Асылмұратова А.А. - Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры, Ресей Федерациясының Халық әртісі, Ресей Федерациясы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Редакциялық алқаның төрағасының орынбасары

Нүсіпжанова Б. Н. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері.

Бас редактор

Толысбаева Ж.Ж. - филология ғылымдарының докторы, профессор.

Редакциялық алқа

Кульбекова А.К. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан);

Саитова Г.Ю. - өнертану кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Ізім Т.О. - өнертану кандидаты, профессор, ҚазССР-ның еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Жумасейтова Г.Т. - өнертану кандидаты, профессор (Қазақстан);

Казашка В. - PhD, қауымдастырылған профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - өнертану докторы, профессор (Өзбекстан);

Фомкин А.В. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент (Ресей);

Дзагания И. - филология ғылымдарының докторы, профессор (Грузия);

Таптыгова Е. - PhD (Әзірбайжан).

Жауапты редактор: **Жунусов С.К.**

Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми журналы.

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы **02.02.2022 жылы берілген**

№ KZ77VPY00045494 куәлік.

Шығу жиілігі: жылына 4 рет

Тиражы: 300 дана

Редакция мекен-жайы: Астана қ., Ұлы Дала даңғылы, 9, 470 офис

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Қазақ ұлттық хореография академиясы, 2023**

Chairman of the Editorial Board

Asylmuratova A. A.

- Rector of the Kazakh National Academy of Choreography, People's Artist of the Russian Federation, laureate of the State Prize of the Russian Federation.

Deputy Chairman of the Editorial Board

B.N. Nusipzhanova

- Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Honoured Worker of the Republic of Kazakhstan.

Editor-in-Chief

Zh.Zh. Tolysbaeva

- Doctor of Philology, Professor.

Editorial Board

A.K. Kulbekova

- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Kazakhstan);

G.Yu. Saitova

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan);

T.O. Izim

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Kazakh SSR (Kazakhstan);

G.T. Zhumaseitova

- Candidate of Art History, Professor, (Kazakhstan);

V. Kazashka

- PhD, Associate Professor (Bulgaria);

E. Veizans

- PhD (Latvia);

M.T. Tulyakhodzhayeva

- Doctor of Art History, Professor (Uzbekistan);

A.V. Fomkin

- Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor (Russia);

I. Dzagania

- Doctor of Philology, Professor (Georgia);

E. Tapytsova

- PhD (Azerbaijan).

Executive editor: **Zhunossov S.K.**

Scientific journal of the Kazakh National Academy of Choreography

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Certificate of registration of a periodical, information agency and online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan **No. KZ77VPY00045494, issued 02.02.2022**

Frequency: 4 issues per year

Printing: 300 copies

Editorial Office: Astana city, Uly Dala avenue 9, 470 office

Phone: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Kazakh National Academy of Choreography, 2023**

Председатель редакционной коллегии

Асылмуратова А. А. - Ректор Казахской национальной академии хореографии, Народный артист Российской Федерации, лауреат Государственной премии Российской Федерации.

Заместитель председателя редакционной коллегии

Нусипжанова Б.Н. - кандидат педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан.

Главный редактор

Толысбаева Ж.Ж. - доктор филологических наук, профессор.

Редакционная коллегия

Кульбекова А.К. - доктор педагогических наук, профессор (Казахстан);

Саитова Г.Ю. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженная артистка Республики Казахстан (Казахстан);

Ізім Т.О. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженный артист КазССР (Казахстан);

Жумасейтова Г.Т. - кандидат искусствоведения, профессор, (Казахстан);

Казашка В. - PhD, ассоциированный профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - доктор искусствоведения, профессор (Узбекистан);

Фомкин А.В. - кандидат педагогических наук, доцент (Россия);

Дзагания И. - доктор филологических наук, профессор (Грузия);

Таптыгова Т. - PhD (Азербайджан).

Ответственный редактор: **Жунусов С.К.**

Научный журнал Казахской национальной академии хореографии.

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан № **KZ77VPY00045494**, выданное **02.02.2022 г.**

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: г. Астана, пр. Ұлы Дала, 9, 470 офис.

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

ҒТАХР 18.41.45
ӘОЖ 782

DOI:10.56032/2523-4684.2023.4.8.5

Ш.Т. Есиркепова¹

¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)

**ДУЭТТИ-КЛАССИКАЛЫҚ БИ САБАҒЫНАН
СҮЙЕМЕЛДЕУ БОЙЫНША АДАЖИО
ШЫҒАРМАЛАРЫН МУЗЫКАЛЫ ҚҰРАСТЫРУ
ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ИМПРОВИЗАЦИЯЛАУ**

Аннотация

Берілген мақалада дуэтті-классикалық би сабағынан сүйемелдеу бойынша адажио шығармаларын дұрыс таңдау және оларды импровизациялау, импровизацияның қандай тармақтардан келіп шығатындығы және оларды дұрыс қолдану негізгі элементтері қарастырылады. Дуэтті-классикалық би сабағында сүйемелдеу процессінде адажионы музыкалық жағынан дұрыс құрастыруы қандай амалдармен олардың туындайтындығы және осыған байланысты көптеген мысалдар көрсетіледі.

Қазіргі уақытта дуэтті-классикалық би сабағында адажионы дұрыс таңдау мәселе өте актуалды, күрделі процесс болып табылады. Сол үшін де, бұл әдістемелік көрсетілімдер жас мамандарға және тәжірибесі аз сүйемелдеушілерге арналады. Бұл деректер өз тәжірибемнен және Ресей пианисттер, мұғалімдер мен сүйемелдеушілердің мақалаларынан және кітаптарынан алынды.

Мақаланың соңында классикалық би сабағынан өзімнің жеке тәжірибемнен алынған музыкалық салыстырмалы импровизациялық мысалдар мен амалдар келтірілген.

Түйінді сөздер: Дуэтті-классикалық би, импровизация, сүйемелдеуші, гармония, әуен, структура, фактура, хореография оқытушысы.

Ш.Т. Есиркепова¹

*¹Казахская национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)*

ОБРАБОТКА МУЗЫКАЛЬНОГО МАТЕРИАЛА ДЛЯ ОФОРМЛЕНИЯ АДАЖИО К УРОКУ ДУЭТНО- КЛАССИЧЕСКОГО ТАНЦА

Аннотация

В статье «Обработка музыкального материала для оформления адажио к уроку дуэтно-сценического танца» поэтапно раскрыты: правильный выбор самого адажио и их музыкальное оформление, обогащение исполнения, разновидности импровизации и приемы творческого использования основных элементов импровизации в работе концертмейстера дуэтно-классического танца. Также приведены образцы их применения.

Методические указания по музыкальному оформлению адажио и импровизация по дуэтно-сценическому танцу особо актуальны в работе молодым, начинающим и более опытным концертмейстерам. Эта работа создана на основе личного опыта и методических рекомендаций российских специалистов.

В конце статьи приведены импровизационные сравнительные музыкальные ноты и примеры из личного опыта в работе по предмету классического танца.

Ключевые слова: *Дуэтно-классический танец, импровизация, концертмейстер, гармония, мелодия, структура, фактура, преподаватель хореографии.*

Sh.T. Yessirkepova¹

*¹Kazakh National Academy of Choreography
(Astana, Kazakhstan)*

MUSICAL COMPILATION OF ADAGIO'S WORKS AND THEIR IMPROVISATION TO ACCOMPANY THE DUET- CLASSICAL DANCE LESSONS

Annotation

The presented article discusses the correct choice of Adagio compositions for accompaniment from a duet-classical dance lesson and their improvisation, from what points improvisation comes and the main elements of their correct use. In the process of

accompanying a duet-classical dance lesson, it is shown how to musically correctly compose an adagio, how they arise and many examples in this regard.

Currently, the question of choosing the right duet-Adagio in classical dance lessons-is a very relevant, complex process. For this purpose, these methodological demonstrations are aimed at young professionals and those who have little experience. These data were taken from my own experience and from articles and books of Russian pianists, teachers and accompanists.

At the end of the article, musical comparative improvisational examples and tricks from my own personal experience from classical dance lessons are given.

Key words: *Teacher of Duet-classical dance, improvisation, accompaniment, harmony, melody, structure, texture, choreography.*

Кіріспе. Жаңадан келген мамандар үшін дуэтті-классикалық би сабағынан сүйемелдеу өте күрделі процесс және көп тәжірибе мен еңбекті қажет етеді.

Көптеген сүйемелдеушілер дуэтті-классикалық би сабағындағы жұмыс процессінде көптеген қиыншылықтарға ұшырайды. Олар: бар назарын тек қана нотаға қарап ойнау емес, ал оқушыларға да, және хореография мұғалімінің түсіндіріп тұрған амалдарын мұқият тыңдау, және би қойылымына, болып жатырған процесске көңіл аудару керекті етеді.

Осымен қатар, дуэтті-классикалық би сабағында ең бастысы адажио шығармасы маңызды рөл атқарады. Яғни, адажио шығармасын дұрыс таңдау. Қазіргі таңда көптеген сүйемелдеушілер адажио шығармасын таңдағанда қарапайым, бірқалыпты, біркелкі, тыңдармандарға қызықты емес, гармониялары аса бай еместерді алып келеді. Бұл мәселе сүйемелдеушілердің жан-жақтама көзқарастарының кеңнен дамыған жағдайын, көптеген бале пен операларынан үзінділерді тыңдап, немесе басқа тағы жанрларды тыңдап, олардан сәкес келетін тақырыптарды алып, адажионы тудыруға ұмтылуларын қажет етеді. Өйткені адажио шығармасының қызықты әрі көптеген тыңдармандарға белгісіз жаңадан қызықты тақырыпқа, әуенге бай болуы - бұл өте маңызды.

Екіншіден, репертуар әрбір адажиоларға, қозғалыстарға дұрыс таңдалынуы керек. Мысалы, дуэтті-классикалық би сабағы үш адажиодан құрылса, біріншісіне музыка, фактура, құрылым мен гармония жағынан қарапайымдау әрі бірқалыпты болса, онда екіншісінде одан да дамыған, күрделі болып, ал үшіншісінде өте биік шыңға шыққан дәрежеге шыққандай даму жағынан өте жоғары болуы керек. Өйткені дуэтті-классикалық биінде бірте-бірте қиындасу қозалысары, көтеру немесе секіру қозғалстары қосыла бастайды. Әрине, бұл жерде кейбір жағдайда хореография оқытушысымен бірге ойласу керек [7].

Музыкалық адажио жанры әуен (мелодия), ырғақ, және астындағы сол қолда ойналынатын аккомпонемент үлкен рөлді атқарады. Бұл жерде осы аталған элементтердің бірін өзгертсек, онда музыка берілген комбинацияға бір дегенде өзгереді. Сол үшін де, хореография мұғалімінің берген комбинациясына қарап таңдалынады. Солай етіп, сүйемелдеуші оқушыларға кесент жасамай, ал, керісінше, көмектесуі қажет. Дуэтті-классикалық би сабағында адажио шығармасын орындау процессі үлкен эмоция мен экспрессияны қажет етеді. Әрине, бұл жағдайда импровизация қажет болады.

Адажио шығармасын байыту және оны импровизациялау – ол бірден қалыптасып кететін өнер емес. Импровизациялау шеберлігін тек қана тәжірибе арқалы, тек қана өз-өзін қинай отырып, еңбектендіріп, көптеген дуэтті-классикалық би сыныптарында қатысып, тыңдап, және көптеген хореография оқытушысымен бірге жұмыс жасап, үлкен дәрежеге арттырып, қосымша көптеген белгілі шығармаларды тыңдап, сол мақсатқа ұмтылуы арқылы жетеді.

Бұл жерде дуэтті-классикалық би сыныптарында бастаушы мамандар үшін оқу құралының бірі – Л.Ярмолевичтің «Принципы музыкального оформления классического танца» [4, 8 б] болып табылады. Қарапайым әуендерді автор гармониясын, оған дұрыс аккомпанемент тауып, және екпінін өзгертіп, мысал ретінде қолжетімді мағынада кеңнен

көрсетеді. Осы мысалдармен бірге импровизациялауға болады.

Зерттеу әдістері. Бұл мақалада салыстырмалы, эксперименттік және сипаттамалық әдістер нақты қолданылады. Қазіргі кезде бұл тақырып өте актуалды болып келеді және осыған сәйкес кітаптарда және мақалаларда өте сирек белгілеп өткен. Сонымен қатар, сүйемелдеушінің дуэтті-классикалық би сабағында керекті музыканы талап етілген жерге әкеліп, кейбір үзінділерді ірі жанрдағы опера немесе балеттерден дұрыс таңдап, белгілі бір жаттығуларға оны «байтылған» дыбыстқтарымен дұрыс ойнау, және де импровизациялық техникалық бостандығына ие болу – ең маңызды орынды алады.

Мақаланың соңында **салыстырмалы, эксперименттік** және **сипаттамалық** әдістер бойынша Дж. Вердидің «Травиата» операсынан кіріспедегі Адажио, Р.Рудневаның Вальс, Д.Шостаковичтің «Овод» деген кинофильмінен алынған «Романс» шығармалары импровизациялық мысал ретінде қолданылады.

Тақырып бойынша әдебиеттеріне шолу. Мақалада Безуглая Г.А, Костровицкая В.С., Писарев А.А., Иванова Н.Г., Ярмолевич Л., Фролова Л.А, Анатольева Л.Л. авторлардың әдебиеттеріне шолу жасалды. Қолданылған кітаптарда және мақалаларда адажио шығармаларын дұрыс сүйемелдеу және импровизациялау амалдары, мысалдары және олардың түрлері нақты белгіленіп көрсетілген. Адажионың музыкалық жағынан өздеріне тән мінез, өлшем, екпін, ырғақ, структура және формаларын тереңірек талдап, оларды толығымен талқылайды. Осымен қатар, сүйемелдеушінің алдына қоятын мақсаттары мен міндеттерін анықтап өтеді.

Ғылыми жаңалығы – дуэтті классикалық би сабағы бойынша орындалатын адажио жанры ғылыми кітаптарда өте сирек жазылған, бұл тақырып бойынша мақалалар жоқ деп есептеуге болады. Дуэтті классикалық би сабағындағы адажио мен классикалық би сабағындағы адажио бір бірінен ажыралып тұрады. Классикалық би сабағында адажио

бірнеше ұсақ ноталарды, элементтерді, кантиленділікті қажет ететін болса, онда дуэттік-классикалық би сабағындағы адажиолар үлкен экспрессияны, күрделі байытылған фактураны, кең регистрді, бай эмоциялар мен кульминацияларды керекті етеді.

Зерттеу нәтижесі. Не үшін балет классында сүйемелдеушіден адажио шығармасын дұрыс орындап жеткізу және оған импровизация керек?

1. Дуэттік-классикалық би сабағында адажио үлкен орынды иелейді. Сол үшін де адажио шығармасын тереңірек қарастыруды қажет етеді, осыдан келіп импровизация да қажет болады. Жалпы айтқанда, импровизация аккомпонемент ретінде тарихи түрде дәстүр болып табылады.

2. Дуэттік-классикалық би сабағында жақсы сүйемелдеу тек қана сәйкес келуші адажио шығармаларын сабаққа әкеліп орындау емес, ал және сүйемелдеушінің жан жақтама көзқарасының дамуы кең болғандығын талап етеді. Мысалы, сүйемелдеуші әрқашан музыкалық материалды байыту үшін бірнеше ізденістерде жүруі керек, көптеген опера, балет, сюита, симфония, пьеса және тағы басқа ірі немесе кіші жанрдағы шығармаларды тыңдап, басқа сүйемелдеушілердің сабақтарына барып, тыңдап, комбинацияларына мағына беріп қараулары тиіс.

3. Оқытушының адажио шығармасына берген комбинациясы сыныпта қиынсыздықпен «экспромт» сияқты бірден орындалынуы керек.

Көптеген сүйемелдеушілер дуэттік-классикалық би сабағында музыкалық нота кітаппен бір белгілі шығармалар, пьесалар мен үзінділерді ойнайды. Ереже ретінде айта кету керек, бұл жерде күнде-күнде бір шығарманы қайта-қайта қайталап ойнай берсе, ол механикалық процесске әкеп соғады, және де хореографиялық қозғалыстың дұрыс көрсетілуін шектетіп жібереді, көптеген қолайсыздықты тудырады.

Және де атап өту керек, сабаққа ойнайтын қарапайым пьесалары, адажиолары көптеген байытылған гармонияны, фактураны, структураны,

көлемді, музыкалық құрылымын қажет етеді. Ол үшін міндетті түрде импровизация керек.

Импровизацияны үйрену – сүйемелдеуші үшін есту, ойлау, ритмикалық жағынан қабылдау қабілетін кеңнен дамытады. Бұл процесс айналып келгенде «композиторлық» шеберлігіне жол ашады. Солай етіп, әрбір сүйемелдеуші, орындаушы жеке түрде өздерінің ішкі гармониясы, жеке орындауға деген көзқарастары бар. Жалпы айтқанда, импровизация өнеріне Ф.Лист, Ф.Шопен, Ф.Шуберт сияқты романтик композиторлары үлес қосқан еді. Осыған байланысты, М.Сапонов өзінің «Искусство импровизации» [3] кітабында романтик композиторлардың импровизациясын формасы жоқ фактурасына ие және бітпейтін жалғастырушы *rubato* екендігін белгілеп өтеді.

Н.Г. Иванова «Использование элементов импровизации в работе концертмейстера хореографии» [8] деген мақаласында XVIII-XIX балет экзерсистерінде ең басында скрипка қолданылды дейді.

Ф.Э. Бах болса, «Импровизация ол цифровкаларды ойнаудан пайда болады. Белгілі бір гармонияны сол қолмен алсақ, онда жоғарғы дыбыстарда, оң қолда сол алынған гармонияға байланысты қосымша дыбыстар көптен қосылу керек» дейді. Бұл ойға И.Н.Гуммель мен К.Черни де қосылды. К.Черни жалпы өз кітаптарында импровизацияның келіп шығуы бұл пианисттің үлкен оқымыстығын, пианисттің білімді, шеберлі болуына байланысты екендігін және импровизация тек қана осы цифровка арқылы пайда болады және де гармония пәні үлкен рөл атқаратынын атап өтеді.

В.С. Костровицкая және А.А. Писаревтің «Школа классического танца» деген мақаласында *adagio* бөлімін тереңірек қарастырады, және де ұрпақтан ұрпаққа бұл жанр нығая береді, ырғағы және екпіні күрделілене бастайды және қалай олардың бай түрде қолданылатын ережелерін түсіндіріп өткен [1].

Негізі импровизацияда «қәтелесу» деген түсінік жоқ. Сол үшін де, аспаппен жақындасып, бостандықпен ойнап, қателеспеуге қорықпау керек.

Дуэтті-классикалық би сабағына импровизацияны әкеп соғушы тағы бір тармақтың бірі - музыканы **алдан ала есітіп**, сол музыканы аспапта дәл солай естіген қалпында еңгізу. Бұл процесс – импровизацияны дамытуға үлкен үлес қосалы. Бұл жерге: гармониялық цифровкаларын ойнау, басқа тондықтарға транспонировкалау, белгілі бір музыкалық жолын секвенциялау, және $4+4+4+4=16$, $8+8+8+8=32$ сияқты квадраттық жолдарын қарастыру, белгілі бір функцияларын (мысалы, T-S-D-K64-VI-II-D7-T) қолдану.

Солай етіп, адажио шығармасына импровизация өнері **музыкалық теория, гармония, полифония, сольфеджио** пәндерін өзіне керекті етеді.

Н.Г. Иванованың айтуынша, сүйемелдеушінің алдына қоятын мақсаттары [8]:

1. Қарапайым импровизациялық құрылымдарды үйрену, оларды нығайту;
2. Барлық аккомпонементтерді парақтан оқып та, жаттан ойлап тауып та ойнап, атқара білу;
3. З.Әуенді, оң қолдағы музыканы ойлап табу, және соған лайықтап аккомпонементті пайда еттіру, кейін оны ноталық текстке жазу, кіріспе мен қорытындысын ойлап табу.

Дуэтті-классикалық би сабағында импровизациялау алдында ең басында міндетті түрде оның қандай жанрда болатындығын, қандай әуен, қандай аккомпонемент, фактура, екпін, ырғағын ойланып, соны жоспарлап ойнау керек. Импровизациялау процессінде тыңдармандар сіздің жұмыстанып отырғаңымызды байқамауы керек, ал адажиоларды тыңдағанда үлкен шабыт әкеліп, көңіл күйді көтеретін жағдайға жеткізіп, толқып тыңдаулары керек. Сол үшін де адажио әдемі гармонияларға, ірі фактураларға, көптеген майда ноталарға (мысалы, триольдер, мелизмдер, гаммалар, арпеджиолар, аккордтар, хроматикалық гаммалар және тағы басқалар) сұлу колорит-суреттеріне бай болуы қажет.

Адажио шығармасындағы импровизациясы әдемі және көрікті етіп ойлап табу үшін әдемі және мазмұнды дайын шығармаларды бір қарап шығу

керек. Сол жерден фактура, ырғақ, екпін, форма, оң қолдағы әуенде кейбір майда элементтерді байқап, триоль дуольдеріне дейін мән беріп, сол элементтерді импровизациялық процессіне қолдануға болады [2, 15 б.].

Адажио шығармасын импровизациялау процессінде байыту бірнеше жолдары мен амалдары бар:

1. **Гармония.** Гармонияда белгілі бір ережелер бар. Мысалы D дан кейін S алуға болмайды, D + кейін DD; K64; D7 сияқты функцияларын алуға болады, немесе көптеген модуляциялар, ауытқу жолдарын білу;

2. **Өлшем.** Берілген шығарма мысалы $\frac{3}{4}$ өлшем болса, сол өлшемнен $\frac{4}{4}$ өлшемде ойнап көру, немесе керісінше (№2 сурет);

3. **Мелодия, әуен.** Бұл жерде берілген шығарманың функциясын, гармониясын алып, соған мелодияны пайда еттіру (№2 сурет);

4. **Штрих.** Мысалы, берілген шығарманы кері штрихқа ауыстыру: әуендегі легатодан стаккатоға ауыстыру, немесе керісінше (№2 сурет);

5. **Толықтыру.** Толықтыру дегенде көп мағынаны түсінеміз. Мысалы, оң қолда аз ғана ноталар жазылса немесе аттап жазылған (скачкообразный) мелодияларға гамма, арпеджио, мелизмдер, форшлагтар, майда екілік ноталар, октавалар, секвенцияларды қосып толықтыруға болады.

6. **Жаңғырық (эхо).** Мысалы, оң қолдағы әуенді келесі фразда ортадағы әуенге немесе сол қолға ауыстыру, немесе қыздар биіне жоғарғы регистрда ойнап, ал ұлдар биінде ортаңғы регистрге түсіру және тағы басқалар (№3 сурет);

7. **Аккомпонентті аккордтық, ұзын немесе қысқа арпеджио арпеджиоға ауыстыру** (№1 сурет);

8. **Аккомпанемент пен гармониясын толығымен қалдырып**, ал ортадағы структурасы мен фактурасын, әуенін өзгертіп, ішіне көптеген элементтерді байытып еңгізу (№3 сурет);

9. Берілген шығарманы өзгертпей, тек қана музыкалық түрде **регистр** жағынан байыту. Мысалы,

оң қолдағы бірдыбыстық әуенді октавамен аккордтар арқылы ойнап, ал сол қолдағы кіші октавадағы бас және аккордты әліде төмен түсіріп, контроктавада байытылған кең октавалармен аккордтарды қолдану.

Сүйемелдеуші дуэтті-классикалық би сабағында хореография би қозғалыстарындағы процесстерге (серіктесін көтеру, секірім, айналыс процессі, серіктесін байқап төмен түсіру және тағы басқа қиын қозғалыстар) мұқият қарап отыру керек. Бұл жерде атап өту керек, серіктесін жоғары көтерген кезінде музыкада байытылған дыбыстармен толықтыру қажет, ал мысалы *ras sougu* кезінде музыканы майда гаммаларды қолданып, немесе екі серіктес биші арқаларымен немесе иығымен артына қарай бұрылған жерінде қолымен әдемі икемделсе музыкада кішкене любт, фермата сияқты нюанстар болуы керек. Тағы да атап өтуге болады, адажионың соңында серіктесін көтеріп бір бұрыштан екінші бұрышқа әкетіп бара жатырған процессінде әдемі гамма немесе арпеджио қосып ойнауға болады, өйткені бұл элементтер көрермендер мен тыңдармендарға әдемі көрініспен қабылдау жәрдем береді. Сол үшін де, сүйемелдеуші барлық адажиодағы болып жатқан би қозғалыстарын біліп, оларды музыкамен байланыстыра әрқайсысының өзіне тән мінезін, олардың өлшемдерін, ырғақтарын, екпіндерін, структураларын және схемаларын нақты білуі тиіс. Және осы тәжірибелерді қолданып, импровизациялауда бір берілген музыканы хореография оқытушысының талап еткен комбинацияларына реттеуге болады [3, 35 б.].

Қорытынды. Нәтижеде, дуэтті-классикалық би сабағының сүйемелдеушісі ізденіп, талқылап, және де бірнеше хореография оқытушылармен бірге жұмыс жасап, өз тәжірибесін арттыра береді. Барлық нюанстарды түсініп, ұғып алатын мықты мамандар нәтижеде осы себептермен қалыптасады: мысалы үшін кейбір материалдарда екпіннің *ritenuto* немесе *accelerando* болып кетуін сезінетін, немесе көптеген қозғалысты музыкамен әдемі реттеп, байланыстырп, қосып, экспрессиямен, эмоциямен әдемі ойнау, тыңдармандар бұрын естіменген шығарманы

жариялау және сол шығарманың мінезін дұрыс көрсетіп білу – бұл айтылған тәжірибелердің барлығы бірден емес, ал қалыптаса ғана пайда болады. Сол үшін де, тәжірибелі маман және сүйемелдеуші болу үшін хореография оқытушысымен бірге жұмыс жасау арқылы, және бір-бірін түсіну, бір-біріне тек қана әріптес емес, ал бір тұлғадай болып, бір баспен балаларды тәрбиелеп, ауыз-біршілік осындан туындайды.

Алғаштан айтып өткеніміздей, дуэтті-классикалық би сабағына адажио шығармасын балеттен немесе опералардан үзіндісін алып, орындағанда байқау керек, А.Адан, Ц.Пуни, Л.Минкус – адажиолары оркестрлік партитуралардан фортепианоға аударылған жағдайда қолжетімді, қарапайым аккомпанементпен жазылған. Ал XIX-XX ғасырдағы П.И.Чайковский, А.Глазунов, И.Стравинский, С.Прокофьев – сияқты композиторлардың оркестрлік партитураларынан фортепианоға ауыстырылған адажиоларында өте күрделі тақырыптық мазмұнмен және музыкалық көлемімен байытылған, жіне оларды орындау өте қиын болып келеді. Сол үшін де қандай да шығарма болса да, дуэтті-классикалық би сабағына жеткізіп орындау үшін тембр жағынан жақсы суреттеп білу қажет.

Ресей сүйемелдеушісі, Фролова Л.А. өзінің «Взаимодействие начинающего концертмейстера с педагогом-хореографом на уроках классического танца» [7] мақаласында сүйемелдеуші мен хореография оқытушысымен "классикалық би" сабағында бірге жұмыс жасау тағы бір ерекшелігі – бұл бір-бірін сөзсіз жақсы түсіне білу, психологиялық түрде бір-бірімен тығыз тіл табысу деп анықтайды.

Әрине, дуэтті-классикалық би сабағының негізгі музыкалық материалын құрастырушы ол – сүйемелдеуші болып табылады. Сүйемелдеуші тәуелсіз түрде барлық бишілерді алып барады және олардың бостандықпен сезініп орындауына үлкен үлесін тигізеді.

Салыстырмалы түрдегі импровизациялық мысалдар:



La Traviata



Akt I
№ 1 u. 2 Vorspiel und Einleitung G. Verdi

Adagio *♩ = 56*

Edison Peters № 1453 1902

"Травиата" Adagio

Автор: Дж. Верди
Импровизация: Есиркеповой Ш.Т

Переделанный вариант в Adagio

№1 Сурет. Дж. Вердидің «Травиата» операсының кіріспесіндегі адажионың темасынан Адажиоға импровизация жасалынды.

Battement fondu

Waltz


Л. Руднев

Adagio

Александр Руднев
Интерпретация: Екатерина ШИТ

№2 Сурет. Л.Рудневаның «Вальс» шығармасынан Адажиоға аударылды.

Бұл жерде 3/3 өлшемінен 4/4 өлшеміне толығымен ауысып, фактурасы, сол қолдағы вальс секілді аккомпонементі арпеджиолық құрылысына ауысады. Әуені, интонациясыда толығымен өзгерген. Тек қана гармониясы қалдырылған.



№3 Сурет. Д.Шостаковичтің «Овод» кинофильмінен алынған Романс шығармасы.

Бұл жерде оң қолдағы іуенінде екілік ноталар қойылған, ал аккомпанементті байыту есебінде сегіздік ноталардың фактуралары өзгеріліп, кейін ала олар арпеджио ағымына ауысады. Бұндай импровизация адажионы кеңнен бай дыбысқа әкеп соады. Тек қана гармониясы қалдырылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Костровицкая В.С., Писарев А.А. Школа классического танца. – Л.: Искусство, Ленинградское отделение. – 1986.
2. Алексеев А.Д. Импровизация как основа исполнительского искусства XVI-XVIII. Москва, 1988.
3. Сапонов М. Искусство импровизации – М.: Издательство: Музыка, 1982.
4. Яромович Л. Принципы музыкального оформления классического танца. – Л.: Изд. «Музыка», 1968.
5. Безуглая Г.А. Концертмейстер балета. – СПб.: Изд. «ПЛАНЕТА МУЗЫКИ», 2005.
6. Безуглая Г.А. Музыкальный анализ в работе педагога-хореографа. – СПб.: ПЛАНЕТА МУЗЫКИ, 2015.
7. Фролова Л.А. Взаимодействие начинающего концертмейстера с педагогом-хореографом на уроках классического танца // Интернет-ресурс:

nsportal.ru/kultura/iskusstvo-baleta/library/2017/05/13/vzaimodeystvie-nachinayushchego-kontsertmeystera-s. (Дата обращения 09.10.2023).

8. Иванова Н.Г. Использование элементов импровизации в работе концертмейстера хореографии: Методическое пособие. – Тамбов, 2018.

9. Анатольева Л.Л. Деятельность концертмейстера балета: исполнительский и педагогический аспекты. Дисс. на соиск. уч. степени к. иск. – Пермь, 2015.

References:

1. Kostrovickaja V.S., Pisarev A.A. *Shkola klassicheskogo tanca*. – L.: Iskusstvo, Leningradskoe otdelenie. – **1986**. (In Russ.).

2. Alekseev A.D. *Improvizacija kak osnova ispolnitel'skogo iskusstva XVI-XVIII*. Moskva, **1988**. (In Russ.).

3. Saponov M. *Iskusstvo improvizacii* – M.: Izdatel'stvo: Muzyka, **1982**. (In Russ.).

4. Jarmolovich L. *Principy muzykal'nogo oformlenija klassicheskogo tanca*. – L.: Izd. «Muzyka», **1968**. (In Russ.).

5. Bezuglaja G.A. *Koncertmejster baleta*. – SPb.: Izd. «PLANETA MUZYKI», **2005**. (In Russ.).

6. Bezuglaja G.A. *Muzykal'nyj analiz v rabote pedagoga-horeografa*. – SPb.: PLANETA MUZYKI, **2015**. (In Russ.).

7. Frolova L.A. *Vzaimodejstvie nachinajushhego koncertmejstera s pedagogom-horeografom na urokah klassicheskogo tanca* // Internet-resurs: nsportal.ru/kultura/iskusstvo-baleta/library/2017/05/13/vzaimodeystvie-nachinayushchego-kontsertmeystera-s. (Data obrashhenija 09.10.2023). (In Russ.).

8. Ivanova N.G. *Ispol'zovanie jelementov improvizacii v rabote koncertmejstera horeografii*: Metodicheskoe posobie. – Tambov, **2018**. (In Russ.).

9. Anatol'eva L.L. *Dejatel'nost' koncertmejstera baleta: ispolnitel'skij i pedagogicheskij aspekty*. Diss. na soisk. uch. stepeni k. isk. – Perm', **2015**. (In Russ.).